| | | |
|---|---|---|
| | **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ<br>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ** | Ф 017-2.84-2022<br>31.10.2022 ж. |
| | Түсу емтиханының бағдарламасы<br>нормативтік құжат түрі | Бет 1-15 |

«БЕКІТІЛДІ»
ҚР МСМ МК «Темірбек Жүргенов
атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы»
РММ Ғылыми Кеңесінің шешімімен
«_27_» __04__2023 ж.
№_11_ хаттама

# 7M02161 – «АРТ-МЕНЕДЖМЕНТ» «7M02191 – АРТ-МЕНЕДЖМЕНТ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША МАГИСТРАТУРАҒА ТҮСУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы
2023 ж.

1. **ӘЗІРЛЕНДІ**

Молдашева А. К. – э. ғ. к., профессор, «Арт-менеджмент және продюсерлеу» кафедрасының меңгерушісі

Мусаева А. А. - э. ғ. к., «Арт-менеджмент және продюсерлеу» кафедрасының доценті

2. **ТАЛҚЫЛАНДЫ**

«Арт-менеджмент және продюсерлеу» кафедрасының отырысында
Хаттама №8 31 «03» 2023 ж.

«Арт-менеджмент және продюсерлеу» кафедрасының меңгерушісі

______________Молдашева А.К., э. ғ. к., профессор

3. **КЕЛІСІЛДІ**

Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор __________ Қ.З.Халықов

ЖОО кейінгі білім берудің ғылыми-зерттеу
орталығының басшысы ______________ А.А.Кульшанова

ЖОО кейінгі білім беру
бөлімінің басшысы ______________ Ж.А.Тлеулинова

Магистратураның арнайы пәні бойынша қабылдау емтиханының бағдарламасы жоғары білім берудің осыған дейінгі деңгейі (бакалавриат) бағдарламасының көлеміне сай құрастырылған.

«Арт-менеджмент» білім беру бағдарламасы магистратураға қабылдау келесі бағыттар бойынша білім алғандарға рұқсат етіледі:

В023 – Режиссура, арт-менеджмент (5В042300 – Арт-менеджмент және продюсерлеу, 6В02153-Арт-менеджмент, продюсерлеу, 6В02191-Арт-менеджмент, 6В02187-Режиссура);

В024 – Музыкатану және өнертану (5В040100 –Музыкатану, 5В041600 – Өнертану);

В027 – Театр өнері (5В040600 – Режиссура);

В029 – Аудиовизуалды құрылғылар және медиа өндіріс (5В020400 – Операторлық өнер) ;

В031 – Мода, интерьер дизайны және өндірістік дизайн (5В041700 – Сәндік өнер, 5В042300 – Арт-менеджмент, 5В042100 – Дизайн);

В039 – Мәдениеттану (5В020400 – Мәдениеттану);

В042– Журналистика және репортерлік іс (5В050400–Журналистика);

В044 – Менеджмент және басқару (5В050700 – Менеджмент, 5В051000 –Мемлекеттік және жергілікті басқару, 5В050700 – Экономика);

В070 – Тоқыма: киім, аяқ киім және былғары бұйымдар (5В073300 – Тоқыма материалдарының технологиясы мен жобалануы);

В073- Сәулет және құрылыс (5В042000-Сәулет);

В092 – Тынығу (5В090600 – Мәдени-тынығу жұмысы).

**Артықшылық беріледі:**

- бейін бойынша кәсіби немесе ғылыми-педагогикалық жұмыс тәжірибесі бар тұлғаларға;
- бейіні бойынша ғылыми жарияланымдары бар, ғылыми-зерттеу жұмыстары конкурстарының жүлдегерлері мен лауреаттарына;
- бейін бойынша маңызды шығармашылық жобалардың авторларына, халықаралық және республикалық шығармашылық конкурстардың жүлдегерлері мен лауреаттарына;
- шетел тілін еркін немесе жоғары деңгейде меңгерген тұлғаларға.

Бейіндік бағыттағы магистратураға сұратылған бағыттың бейініне сәйкес 10 жылдан астам жұмыс өтілі бар, сондай-ақ олардың басшылығымен іске асырылған арт-жобалары бар, түрлі наградаларына ие болған мамандардан құжаттар қабылданады.

## I. 7М02161 – АРТ-МЕНЕДЖМЕНТ, 7М02161 – АРТ-МЕНЕДЖМЕНТ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНА ОҚУҒА ТҮСУШІЛЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

**1. Магистратураға түсушінің:**

**Түсінігі болу керек:**

- өзінің болашақ мамандығының мәні мен әлеуметтік маңызы, қызметінің нақты саласына нықтайтын пәндердің маңызы, олардың бір тұтас білім жүйесіндегі өз арабайланысы, креативті индустриялардың ерекшеліктері, оларды ұйымдастыру, жоспарлау және жобаларды басқару туралы;
- материалдық мәдениеттің, музыка, театр және кино тарихының бейнелеу өнерінің, дәстүрлі және қазіргі заманғы өнердің даму ерекшеліктері туралы;
- өзінің болашақ мамандығының мәні мен әлеуметтік маңыздылығы туралы, мәдениет және өнер саласындағы жобаларды басқару үшін жаңа әдістер, құралдар мен технологиялар туралы; мәдени индустриялардың даму перспективалары туралы.

**Білу керек:**

- әртүрлі тарихи дәуірде көрінетін өнердің, көркем шығармашылықтың ғылыми, философиялық, мәдениеттанулық және идеологиялық негіздерді;
- жобаларды құру тәсілдерін; маркетингтік және фандрейзингтік стратегияны қалыптастыру ережелерін; креативті индустриялардың нормативтік-құқықтық құжаттамасын жасау форматтарын;
- коммуникацияның негізгі теориялары мен әдістерін, шығармашылық психология заңдары мен команданы қалыптастыруды.

**Түсіну керек:**

- дәстүрлі және заманауи техникаларды, материалдар мен құралдарды қолдана отырып, өнерді ңәртүрлі түрлері мен жанрларында бейнелер жасаудың жалпы заңдары мен әдістерін;
- көркем жобаларды жасау бойынша жұмыстағы менеджердің рөлін;
-бейнелеу, музыка, театр, медиа және кино өнерісаласындағы басқару тәсілдерін; негізгі ғылыми-техникалық проблемалардың жай-күйін, кәсіби қызметтің аралассалаларының перспективалары мен өзарабайланысын түсіну;
- заманауи арт-менеджменттің даму үрдісін түсіну, арт-менеджменттің теориялық, тарихи, шығармашылық және мәдени аспектілерінің дамуының негізгі заңдылықтарын меңгеру, қойылған міндеттерге шығармашылық көзқарасқа негізделген жобалы қидеяларды әзірлеуге дайын болу;
- көркем жобаны іске асыру кезінде басқару құралдарының барлық спектрін қолдануды түсіну; жобалау алдындағы зерттеулерді өзбетінше жүргізу, нәтижені бағалау; жобаның инновациялық идеясын генерациялау

процесі және оны іске асыру бойынша қадамдар.

- арт-жобаға қойылатын талаптар, жобаны орындау міндеттері мен тәсілдерінің жиынтығын синтездеу мүмкіндігін; тұжырымдамалық, шығармашылық тәсілге негізделген жобалық идеяны әзірлеу.

**Меңгеру керек:**

- кәсіби қызметтің жалпы методологиясын мен кәсіби шығармашылықты дамытуды;
- заманауи техникамен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру, кәсіби қызметсаласында ақпараттық технологияларды қолдана білу;
- магистратурада білім алуды жалғастыру және кәсіби қызметүшін қажетті жаңа білім алу дағдыларынм еңгеру;
- әртүрлі техникалармен топпен және мердігерлермен қарым-қатынас құру тәсілдерін меңгеру;
- презентациялар мен келіс сөз процесінің дағдыларын еркін меңгеру, пікір сайыс жасай білу;
- жобаны жүргізу үшін қажетті іскерлік құжаттарды жасау дағдыларын меңгеру;
- жобаларды қаржыландыру мүмкіндіктерін талдаудағдыларын меңгеру;
- бизнес-жоспарлар мен жобалық өтінімдерді құрастырудың теориялық білімі мен практикалық тәсілдерін меңгеру;
- шығармашылық психология, HR, PR және маркетинг бойынша білімі болып сәйкесінше осы салаларды талдай білу.

**Құзыретті болу керек:**

- бейнелеу, музыка, театр, өнеркиносының теориясы мен тарихы, өнер мен мәдениеттегі, стильдегі және бағыттардағы заманауи үрдістер мәселелерінде;
-жобалық өтінімді, бизнес-жоспарды, маркетингтік және фандрейзингтік стратегияны әзірлеу саласында;
- жоба түрінде өнероқиғаларын басқару әдістерінде;
- ақпараттық технологиялар саласында;
- пікірталасты жүргізуде, презентациялауда және талдауда.

**2. Қабылдау емтиханына** «Магистратура мен PhD докторантураға қабылдау туралы Ережеге» сәйкес кіреді:

- билет бойынша ауызша жауап. Билет 3 пән бойынша сұрақтардан тұрады.
- рефератты қорғау. Реферат арт-менеджменттің базалық пәндер кешені пәнаралық негізде құрылынып ұсынылған тақырыптардың бірі бойынша алдын ала орындалады.

## II. ПӘНДЕРДІҢ АТАУЫ, ОЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМДЕРІ ЖӘНЕ ДАЙЫНДАЛУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

### 1. «Өнер теориясы мен тарихының негіздері»

***Пәннің мазмұны***

1. Кіріспе. Өнер теориясының негіздері, жанрлар, өнер түрлері
2. Алғашқы қауым өнері. Өнердің пайда болу теориясы
3. Ежелгі дәуір өнері. Ежелгі Рим, Мысыр және Месопотамия өнері
4. Орта ғасырлар өнері
5. Қайта өрлеу дәуірінің өнері. Итальяндық және Солтүстік жаңғыру
6. XVII-XVIII ғасырлардағы өнердің стильдік алуан түрлілігі
7. XIX-XX ғасыр өнері - эстетикалық мұраттарға бетбұрыс
8. XX ғасыр өнері. Оның көп факторлылығы, қарама-қайшылықтары
9. Жаһандану дәуіріндегі заманауи өнер (Contemporary art)
10. Қазақстан мен Орталық Азияның заманауи өнері

***Дайындалуға арналған сұрақтар***

1. Өнердің пайда болу теориясы
2. Өнер мәдениет феномені ретінде
3. Өнер және дін: өзара әрекеттесудің тарихи формалары
4. Өнер және мораль. Өнердің өнегелілік өлшемдері
5. Өнер және ғылым: ұқсастықтары мен айырмашылықтары
6. Өнер және саясат. Өнердің ангажементтік мәселесі
7. Өнерді зерттеудің нысандары мен әдістерін атаңыз
8. Қандай теориялар өнердің пайда болуы мен оның әлеуметтік құрылымдарды қалыптастыру мен сақтаудағы рөлі туралы әлеуметтік түсініктеме береді
9. Ежелгі өркениеттер өнерінің тарихи алғышарттары. Біреуін мысалға келтіріп айтыңыз
10. Орта ғасыр өнерінің тарихи алғышарттары. Тауар таңбасы және оның мәні
11. Сәулет өнеріндегі Роман және Готикалық стильдердің салыстырмалы сипаттамасы
12. Қоғамның эстетикалық идеалы және оның Қайта өрлеу дәуіріндегі трансформациясы
13. Итальян және Солтүстік Қайта өрлеу дәуірінің салыстырмалы сипаттамасы
14. Қайта өрлеу өнерінің кезеңдері
15. Барокко өнерінің мазмұны мен маңызы
16. Барокко өнерінің көрнекті қайраткерлері
17. Рококо мен Барокконың бір-бірінен айырмашылығы
18. Классицизмнің негізгі принциптері

19. Ағартушылық дәуірінің принциптері
20. Бетбұрыс дәуірінің өнері - романтизмнен реализмге дейін
21. Көшпенділер дүниетанымының ерекшеліктері және оның материалдық мәдениетке әсері
22. XX ғасыр өнерінің негізгі стильдік бағыттары
23. Пабло Пикассо, Сальвадор Дали, Марсель Дюшан өмірі мен шығармашылығы туралы айтыңыз
24. XX ғасырдың көрнекті өнер теоретиктері
25. Әлемдік өнер кезеңдері мен стильдерінің Қазақстанның көркем мәдениеті мен өмірінің даму кезеңдерімен байланысы
26. Әлемдік өнер заманауи мәдениет құбылысы ретінде
27. Қазіргі қоғамдағы көпшілік және элиталық көркем мәдениет
28. Фовизм туралы модернизмнің жетекші ағымдарының бірі және оның өкілдері ретінде айтыңыз (мысалы, Анри Матиссе, Андре Дерен, Рауль Дюфи)
29. Қазіргі заман өнері дамуының негізгі трендтері
30. Қазақстанның қазіргі заманғы өнеріне тән негізгі бағыттар мен стильдер туралы айтып беріңізші.
31. Орталық Азиядағы заманауи өнердің дамуына және танымал болуына ықпал ететін негізгі оқиғалар мен көрме кеңістіктері туралы айтып беріңізші.
32. Өнер және COVID-19 пандемиясы
33. Интернеттегі өнер
34. Рухани жаңғыру және өнер
35. Қазақстан мұражайлары және олардың қазіргі заманғы мәдениет контекстіндегі рөлі
36. Өнердің адам қызметінің басқа салаларымен байланысы
37. Барокко-өзгеріс дәуірінің өнері: тарихи контекст
38. Классицизм - көркемдік стиль және эстетикалық бағыт
39. Ағарту дәуірі-дүниетаным, тарихи және эстетикалық маңызы
40. Әлемдік өнер контекстіндегі Қазақстанның көркем өмірі
41. Қазіргі заман өнері: трендтер және олардың шарттылығы
42. Қазіргі мәдениеттегі өнер институттарының рөлі
43. Саяси турбуленттілік дәуіріндегі наразылық өнері
44. Суретшінің азамат ретіндегі рөлі: тарихи тұрғыдан талдау
45. Әлемдік тарихтағы ең маңызды өнер туындылары қандай.

***Әдебиеттер тізімі***


1. Всеобщая история искусств. в 6-ти томах. – М., 1956.
2. Гущин. Происхождение искусства. – М., 1937.
3. Тайлор Э.Б. Первобытная культура. – М., 1989.
4. Леви-Строс. Первобытное мышление. – М., 1994.
5. Мифы народов мира. В 2-х томах. – М., 1982.
6. Тяжелов В. Сопоцинский О. Малая история искусств. Искусство средних веков. – М.: Искусство, 1975.
7. История искусства зарубежных стран в 3-х томах. – М., 1980.
8. История искусства народов СССР в 14-ти томах.

9. Памятники мирового искусства.
10. Величайшие гении мирового искусства. –М.:АСТ,СПб.:Полигон, 2006. – 239с.
11. История зарубежного искусства.Уч. – М.: ИЗО,1980. – 472 с.
12. История зарубежного искусства. ред.М.Т.Кузьминой.Уч. – М.: ИЗО,1983. – 488 с.
13. Мировая художественная культура. 20 век. ИЗО. –СПб.: Питер, 2007. – 464 с.
14. Барманкулова Б. Мастера изобразительного искусство Казахстана А.Кастеев. – Алматы: Өнер. – 1986 ж.
15. Қарғабекова Р., Жұбаниязова Г. Бейнелеуөнерініңтарихы: оқуқурал, 2004.
16. Между прошлым и будущим. Археология актуальности: Каталог выставки. Ред. Ю. Сорокиной. – Алматы, 2011. – 270 с.
17. Художественный Журнал // http://xz.gif.ru/
18. Центрально-Азиатский Искусствоведческий Журнал // http://cajas.kz/
19. Дигитальный Архив/ресурс современного искусства Центральной Азии // http://astralnomads.net/

## 2. «Маркетинг»

***Пәннің мазмұны***

1. Кіріспе. Маркетингтің теориялық негіздері мен түсініктері
2. Маркетингтік зерттеулер
3. Маркетингтік орта
4. Өнім нарықтарындағы тұтынушылардың әрекеті
5. Нарықты саралау
6. Маркетинг жүйесіндегі тауарлар
7. Маркетингтегі тауар саясаты
8. Маркетингтегі баға саясаты
9. Маркетингтегі маркетингтік саясат
10. Маркетингтегі коммуникациялық саясат
11. Маркетинг жүйесіндегі жарнама
12. Жоспарлау және маркетингтік бақылау
13. Стратегиялық маркетингтік жоспарлау
14. Халықаралық маркетинг
15. Қызмет көрсету және коммерциялық емес ұйымдар маркетингі

***Дайындалуға арналған сұрақтар***

1. Маркетингтің теориялық негіздері мен концепциялары. Олардың мәні, ерекшеліктері, айырмашылықтары және қолдану шарттары.
2. Маркетинг: Ф. Котлер бойынша жіктеудің 7 тәсілі
3. Маркетингтік зерттеулердің құралдары: сауалнамалар, механикалық және электрондық құрылғылар. Сауалнаманы әзірлеу барысы.

4. Бенчмаркинг маркетингтік зерттеудің түрі ретінде.
5. Медиаорта: ішкі, жергілікті байланыс аудиториялары, мемлекеттік мекемелердің байланыс аудиториялары, қаржы топтары, азаматтық іс-әрекеттер тобы, көпшілік қауым, бұқаралық ақпарат құралдарының байланыс аудиториялары.
6. Сатып алу түрлері. Тұтынушы-ұйымдардың іс-әрекетіне әсер ететін негізгі факторлар.
7. Тауар нарықтарының жіктелуі. Конъюнктуралық шолу.
8. Нарық сыйымдылығы: түсінігі, деңгейлері. Нарық сыйымдылығын бағалау. Нарық үлесін анықтау. Нарықтың сыйымдылығы мен үлесінің қарқындылығына әсер ететін факторлар.
9. Тауарды нарықта тарату (насихаттау) барысы. Тарату (насихаттау) өлшемдерін таңдау.
10. Маркетинг жүйесіндегі тауар. Тауарды таңбалау.
11. Тауарлық-белгілік тәжірибенің негізгі ұғымдары. Тауарды таңбалау тәсілдері мен принциптері.
12. Фирманың тауар саясатындағы бренд және брендинг. Брендингтің мәні мен түрлері.
13. Брендті басқару. Қызмет көрсету (сервис) және кепілдік қызмет көрсету.
14. Жаңа тауарды жасау барысы: идеяларды қалыптастыру, идеяларды іріктеу, жаңа тауардың тұжырымдамасын тексеру, экономикалық сараптама жүргізу, өнімді әзірлеу, байқау маркетингі, өндірісті коммерциялық өрістету.
15. Тауардың бәсекеге қабілеттілік ұғымы және оны анықтау критерийлері.
16. Тауардың бәсекеге қабілеттілігін анықтау әдістері. Тауардың бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіштері, өлшемдері.
17. Баға стратегиясы: баға стратегиясының мәні.
18. Баға стратегиясының түрлері және оларды қолдану шарттары. Баға шешімдерін қабылдау үшін қажетті ақпарат.
19. Маркетингтегі өткізу саясаты. Көтерме сауда, оның мәні және маңызы.
20. Көтерме сауда функциялары. Көтерме сауда формалары.
21. Бөлшек сауда ұғымы, оның функциялары және түрлері. Бөлшек сауда кәсіпорындарының жіктелуі. Дүкендер түрлері. Дүкеннен тыс бөлшек сауда.
22. Онлайн сауда. Оның түрлері, ерекшеліктері және қазіргі замандағы маңызы
23. Тауарды жылжытудың заманауи формалары: мерч, партизанинг және т. б.
24. Бизнес-модель түсінігі. Бизнес-модель түрлері. Инновациялық бизнес-модельдер.
25. Қоғаммен байланыс ұғымы. Пайда болу тарихы. Қызметтері, қолдану аясы, байланыс әдістері.
26. Демеушілік. Демеушілік нысандары мен пайдалану салалары.

27. Маркетинг жүйесіндегі жарнама. Жарнама қызметінің кезеңдері.

28. Жарнамалық науқан ұғымы. Жарнамалық науқандарды ұйымдастыру және өткізу. Жарнамалық шаралардың тиімділігін анықтау.

29. Маркетингті жоспарлау және бақылау.

30. Халықаралық маркетинг. Халықаралық маркетинг-микс.

31. Халықаралық маркетинг стратегиясын дайындау.

32. Қызмет көрсету және коммерциялық емес ұйымдар маркетингі.

33. Нарықты сегменттеу және мақсатты сегментті таңдау

34. Өнімді орау және оның өнімді жылжытудағы рөлі

35. Қазіргі жағдайдағы тұтынушылық мінез-құлық модельдері

36. Өнер өнімдерін жылжыту және сату арналары

37. Мұражай/галерея брендін насихаттау және таныстыру

38. Өнер өнімдерін тұтынушылардың жіктелуі

39. Әсер ету топтарын орналастыру және олармен жұмыс істеу үшін маркетингтік зерттеулер мен технологиялар: мемлекет, демеушілер, дистрибьютор

40. Арт-ортада маркетингтік арналарды қалыптастыру негіздері

41. Өнерді насихаттаудағы жарияланымдар мен онлайн құралдар

42. Өнер өнімдерін жылжытудағы негізгі PR стратегиялары

43. Өнердегі диджитал маркетингі

44. Өнер нарығының трендтері мен тенденциялары

45. Визуалды өнер индустриясындағы коммуникация дағдылары

***Әдебиеттер тізімі***

1. Хлусов В.П. Введение в маркетинг: учебник.-М.,1997

2. Алтынбаев Б.А.Основы маркетинга: учебное пособие / Алтынбаев Б.А,. Исатаева А/.-М,2002

3. Краткий конспект лекций по курсу «Основы маркетинга «: учеб.-спр. пособие/ сост. А.М. Телемтаев/-А.,1995

4. Котлер Ф. Основы маркетинга: учебное пособие. / Ф. Котлер, В.Б. Бобров/-СПБ.,1994- М., 1995-М., 2003-М., 2007

5. Котлер Ф. Маркетинг менеджмент: анализ, планирование, внедрение, контроль: учебник/Ф. Котлер, Келлер К.А/ -СПб,1999,2006

6. Крылов И. Маркетинг (социология маркетинговых коммуникаций): учебное пособие.-М,1998

7. Маслова Т.Д. Маркетинг: задачи, логические схемы, тесты: учебное пособие/Т.Д. Маслова, С.Г Божук, Л.Н. Ковалик/ -СПб,2002

8. Федько В.П.Основы маркетинга: экзаменационные ответы: учебное пособие / Федько В.П.,Федько Н.Г./. Ростов-на Дону, 2001

9. Бельгибаев А.К. Основы маркетинга: учебное пособие. –А., 2004

10. Ковалева А.,Войленко В. Маркетинговый анализ: Учебник.-Кн.2.-М, 1996

11. Эванс, Дж. Р. Маркетинг: учебное пособие / Эванс, Дж. Р, Берман Б./ -М., 1993, 2004

12. Маркетинг: учебник/ ред.Уткин Э.А/. М 1998г

13. Песоцская Е. В. Маркетинговые услуги. Учеб.пособие М: 2002 г.

14. Тамбиев А. Х. Региональный маркетинг: учебное пособие / Тамбиев А. Х., Кетова Н / .М: 2000 г.

15. Крылов И.Маркетинг (социиология маркетинговых коммуникаций): учебное пособие.- М: 1998 г.

16. Маркетинг во внешнеэкономической деятельности: терминологический словарь/ ред. А.С. Завялов/. – М.,1992

17. Багиев Г Л. Международный маркетинг: учебник / Багиев Г.Л, моисеева Н.К, Никифирова С.В/. –СПб., 2001 г.

18. Международный маркетинг: учебник. / ред. Васильев Г.А., Ибрагимов Л.Л//- М., 1999 г.

19. Ажоббер Д. «Принципы и практика маркетинга» 2-е изд. - М.: изд. Дом Вильямс. 2000 г. - 416с.

20. Бун Л., Куртц Д. «Современный маркетинг» 11-е изд: - М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2005 г. – 1039 с

21. Котлер Ф, Армстронг Г., Сондерс Д., ВонгВ. «Основы маркетинга» 2-е изд. - М.: СПб., К. : Вильямс. 1999 г. - 425с.

22. Ассэль И. «Маркетинг и стратегия» Учебник для ВУЗов: 2-е. изд. - М.: Инфра-М, 2001 г.- 284 с.

23. Голубков Е.П. «Основы маркетинга» - М.: ДИС, 2003 г. - 688с.

24. Есимжанова С.Р. «Маркетинг в Казахстане: теория, методология, практика» – Алматы: Аян Эдет, 2004 г. – 288с.

25. Завьялов П.С. «Маркетинг в схемах, рисунках и таблицах» М.: Инфра- М, 2001 г.- 496с.

26. Нысанбаев С.Н., Садыханова Г.А. «Маркетинг негіздері» - Алматы: Оқулық. Қазақ университеті, 2002 ж. – 200б.

27. Хруцкий В.Е., Корнеева И.В. «Современный маркетинг» 3-е изд. - М.: Финансы и статистика. 2003. -560 с.

28. Минаев Д. «Маркетинг в схемах и моделях» – М., 2004. – 480с.

29. Рамазанов А.А., Айтжанова А.Э., Мелдебекова А.А., Кайыхова А.А., Торекулова У.А. «Электронный казахско-русский словарь по маркетингу» 444КБ.

## 3. «Менеджмент»

***Пәннің мазмұны***

1. Менеджмент ғылым және тәжірибе ретінде. Менеджмент эволюциясы.
2. Менеджментке көзқарастар. Менеджменттің негізгі принциптері
3. Менеджмент функциялары, міндеттері, әдістері
4. Менеджменттің интеграциялық процестері.
5. Мотивация – басқарудағы құрал.
6. Қазіргі заманғы менеджерге қойылатын кәсіби талаптар.
7. Лидерлік теориясы. Басшылықтың негізгі стильдерінің сипаттамасы.
8. Қызметкер менеджменті.
9. Қаржылық менеджмент негіздері.
10. Ақпаратты басқару.

11. Басқарушылық шешімдерді дайындау және әзірлеу.
12. Өндірісті басқару және кәсіпкерлік қызмет.

***Дайындалуға арналған сұрақтар***

1. Қала маңындағы экологиялық таза жерде орналасқан сіздің киноклубыңыз танымал емес. Не істеу керек?
2. Сіздің көркем іс-шараға қатысуға шақыруыңызға тек таныстарыңыз ғана жауап берді. Қандай шара қолдану керек?
3. Сіздің музейіңізге келушілердің саны азайды. Сіз ең алдымен не істейсіз?
4. Жобаның мақсатты аудиториясын жоспарлау кезінде ең алдымен қандай 5 факторларды ескересіз және неге?
5. Жобаның мақсатты аудиториясын көбейту үшін не істеу керек?
6. Сіз ауылдық клубта көрме өткізесіз - көпшілік арасында қандай байланыс арнасы ең қолайлы және неге?
7. Сіз экология тақырыбында фестиваль өткізесіз – күшті әсер қалдыру үшін қандай кеңістікті қолдана аласыз?
8. Сіз бейресми топтың көрмесін өткізесіз – күшті әсер қалдыру үшін қандай кеңістікті пайдаланар едіңіз?
9. Сіз студенттік воркшоп өткізесіз – күшті әсер қалдыру үшін қандай кеңістікті пайдаланар едіңіз?
10. Қандай әлеуметтік желілер: жастарға, тинейджерлерге, кәсіби мамандарға және саясаткерлерге қолайлы деп ойлайсыз – өз қорытындыларынызды негіздеңіз.
11. Дүкенде тосап (варенье) сатылуын көтеруді шештік – сіз қандай стандартты емес қадамды ұсынасыз және неге?
12. Сізде қазіргі заманғы суретшілерінің галереясы бар, бірақ ол карантинге байланысты жұмысын тоқтатты, өз жобаңызды қолдау үшін қандай ұсыныс жасай аласыз?
13. Сізде креативті барбершоп бар, бірақ ол карантинде, қандай тиімді ұсыныс жасай аласыз?
14. Сіздің камералық театрыңыз бар, бірақ ол карантинге байланысты жұмысын тоқтатты, өз жобаңызды қолдау үшін қандай ұсыныс жасай аласыз?
15. Сізде Youtube арнасында жоба бар, оның тұсаукесерін күшті әсер қалдырарлықтай қалай ұйымдастыруға болады?
16. Сіздің әртіс концертке бірнеше күн қалғанда ауырып қалды. Сіздің әрекетіңіз?
17. Сіздің жоба барысында күтпеген шығындар пайда болды және қазір ашылу рәсімі үшін фуршетке ақша жоқ. Сіздің әрекетіңіз?
18. Телеарна күтпеген жерден сіз ұйымдастрған іс-шараны эфирден таратудан бас тартты, ал демеушілер оны күтіп отыр. Сіз қандай шара қолданасыз?
19. Сіздің іс-шараңыз ашық алаңда өтеді. Басталар алдында жаңбыр жауды. Сіз қандай шара қолданасыз?

20. Сіздің грантыңыз бойынша қаржы доллармен бөлінді, жобаның басында сіз оны теңгеге ауыстырдыңыз, бірақ инфляция орын алғаннан кейін сізде қажетті қаражаттан аз қаражат бар. Сіз қандай шара қолданасыз?

21. Сіз жоба командасы үшін пойыз билеттерін сатып ала алмадыңыз, бірақ сіз уақытында жұмысқа баруыңыз керек. Сіз қандай шара қолданасыз?

22. Сіз – бас менеджерсіз, бірақ іс-шараның ашылуы алдында ауырып қалдыңыз. Сіздің әрекетіңіз?

23. Қалалық безендіру бөлімі сіздің іс-шараңыздың жарнамасын мерзімінде іліп үлгермеді. Сіздің әрекетіңіз?

24. Іс-шараның екі басты қатысушылары ашылу алдында сөзге келіп қалды. Сіз қандай шара қолданасыз?

25. Шетелдік жұлдыз сіз және сіздің еліңіз туралы ештеңе білмейді, бірақ ол сіздің жобаңызға қажет. Сіздің әрекетіңіз?

26. Сіз инвесторлар алдында өз жобаңыз туралы питчинг өткізуіңіз керек. Сіз қалай дайындаласыз?

27. Имиджмейкингтің басты қандай ережелерін қолдануға тырысасыз және неге?

28. Сізге демеушілер алдында атқарылған жұмыстар туралы есеп беріп, жобаны аяқтау қажет. Сіздің әрекеттеріңіздің алгоритмі қандай?

29. Сізге демеушілерге алғыс білдіру қажет. Сіз қандай стандартты емес әдістерді ұсына аласыз?

30. Сіз тайм-менеджменттің қандай стандартты емес әдістерін қолдайсыз және неге?

31. Сіз жобаңызбен халықаралық деңгейге шығуды жоспарлап отырсыз. Сіз қандай шара қолданасыз?

32. Сіздің жобаңыздың командасында басқа мүшелердің пікірімен санаспайтын талантты, бірақ өте қайшылықты қызметкер бар. Сіздің әрекеттеріңіз?

33. Іс-шараны өткізуге 2 күн қалды, сіз жоспардан артта қаласыз және бәрін дайындауға уақыт жоқ деген қауіп бар. Сіздің әрекеттеріңіз?

34. Сіз іс-шараны өткіздіңіз және қатысушылардың сапасы мен олардың ұсыныстары туралы пікірін білгіңіз келеді. Сіздің әрекеттеріңіз?

35. Сіз ірі іс-шара өткізуді жоспарладыңыз. Қандай тәуекелдерді ескеру қажет?

36. Қаланың шетінде орналасқан театрыңыз танымал емес не істеу керек?

37. Көрмеге қатысуға шақыруыңызға тек көрші тұратын адамдар ғана жауап берді не істеу керек?

38. Сіздің кинотеатрыңызға балалар келуді тоқтатты сіз бәрінен бұрын не істейсіз?

39. Театрдың көркемдік бағдарламасын жоспарлау кезінде ең алдымен қандай негізгі факторларды ескересіз?

40. Кинотеатрдың жұмысын жақсарту үшін не істейсіз?

41. Сіз шағын елді мекенде көрме өткізесіз, аудиторияны шақыру үшін қандай іс-шаралар өткізесіз?

42. Сіз үлкен жәрмеңке өткізесіз сіз қандай кеңістікті және қалай пайдаланасыз?

43. Классикалық балетті жарнамалау үшін қандай іс-шаралар өткізесіз?

44. Сіз үлкен іс-шара өткізіп жатырсыз еріктілерді қалай жақсы пайдалануға болады?

45. Сіз әлеуметтік медианы қалай қолданасыз және балалар театрын насихаттау үшін өз нәтижелеріңізді негіздейсіз бе?

***Әдебиеттер тізімі***


1. Вершигора Е. «Менеджмент» М., 2005 г.
2. Гордиенко Ю. «Менеджмент» М., Экономика, 2004 г.
3. Козонцева А.Н. «Общий менеджмент» Учебное пособие - М. – 2013 г.
4. Лукашевич В. «Менеджмент» М., 2005 г.
5. Мамыров Н.К. «Менеджмент и рынок» Казахстанская модель - Алматы, 2009 г.
6. Мескон М. и др. «Основы менеджмента» (перевод с англ.). М. – Дело, 2010 г. – 702 с.
7. Русинова Ф.М. «Менеджмент» - М., 2012 г.
8. Смолкин А.М. Менеджмент: основы организации. - М., 2014 г.
9. Современный менеджмент. Принципы и правила: дайджест мировой литературы. Под ред. Данилов – Данильян. - Н-Новгород: 2015 г. - 232 с.
10. Фуллер Д. «Управляй или подчиняйся» (перевод с нем.). - М., 2003 г.
11. Хоскинг Л. «Курс предпринимательства»: практическое пособие (перевод с англ.). - М. - Международные отношения, 2011 г.
12. Цыпкин Ю.А. «Менеджмент». - М., 2001 г.
13. Юкаев В. «Менеджмент» Краткий курс. М., 2004 г.
14. Якокка Л. «Карьера менеджера» - М. - Прогресс, 1990 г
15. Авдеев В. «Саморазвитие творческой конкурентоспособности личности менеджера» - М. - Экономика, 2004 г.
16. Виханский О.С., Наумова А.И. Менеджмент // Учебное пособие. - М.-Высшая школа, 2008 г.
17. Вудкок М. И др. «Раскрепощенный менеджер» (перевод с англ.). - М. – Дело, 1996 г.
18. Друкер П. «Рынок: Как выйти в лидеры» (перевод с англ.). - М., 1992г.
19. Дизель П.М. Мак-Кинли Р.У. «Поведение человека в организации» - М. - Прогресс, 2013 г. – 272 с.
20. Кабушкин Н.И. «Основы менеджмента» - Минск, 2010 г.

## III. РЕФЕРАТ ТАҚЫРЫПТАРЫ

Тақырыптар арт-менеджменттің базалық пәндерінің кешені пәнаралық негізде құрылған.

1. Мәдени индустриялар: Қазақстанның жаһандық әлемдегі тәжірибесі
2. ҚР мәдени саясаты: басқа елдердің тәжірибесі негізінде позициялау
3. Коронавирус кезінде креативті индустрия: стратегия, тактика және нәтижелер
4. Көркем жобадағы арт-менеджердің миссиясы: әртүрлі тәсілдер
5. ҚР арт-салаларының біріндегі мәселелер мен жетістіктер (сіздің таңдауыңыз бойынша саланы көрсетіңіз).
6. ҚР-дағы демеушілік мәдениет: мәселелер мен шешу жолдары
7. Өнер және пайда: ықтимал қиылысу нүктелері
8. Өнер меценаттары: тарих және қазіргі заман
9. «Өнерді сату?» VS «Өнер –сату!»
10. Ойын сауық-өнер VS Әлеуметтік жобалар
11. Өнер және саясат: қайшылықтар мен тартылыс нүктелері
12. Өнердегі ұлттық және халықаралық: жақтау немесе қарсы
13. Арт-нарық – маңызды кәсіп немесе ермек пе?
14. Біз кім үшін өнер жасаймыз? ҚР мақсатты аудиториялары
15. Әлеуметтік желілер өнер алаңы және арт-менеджердің құралы ретінде
16. Өнер нарығы және пандемия
17. Өнердегі бизнес: қазақстандық галереялар немен өмір сүреді?
18. Қазақстанның арт-нарығы қалай өзгеруде?
19. Әйел және Қазақстанның қазіргі заманғы өнері
20. Қазақстандық суретшілердің картиналарын кім және қалай бағалайды?
21. Қазақстан өнеріндегі қайырымдылық жобалар
22. Өнер және құқық: байланыс нүктелері